

Астана қалалық соты
жалпы отырысының 2017
жылғы 31 наурыздағы №6
қаулысымен «БЕКІТІЛГЕН»



Т.Е.Бәрпібаев

Астана қалалық соты жалпы отырысының РЕГЛАМЕНТІ

Осы Регламент Астана қалалық сотының жалпы отырысының жұмысы мен өкілеттігін айқындайды.

1-тарау. Жалпы мәселелер

1-тармақ. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес жалпы отырыс Астана қалалық сотының органы болып табылады. Оның мәртебесі, құзыреті, отырыстарды өткізудің шарттары мен тәртібі, Астана қалалық сотының төрағасының, жалпы отырыс хатшысының өкілеттігі, жалпы отырысқа сұрақтарды дайындау рәсімі «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық Заңмен, «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және осы жалпы отырысының регламентімен (бұдан әрі - Регламент) айқындалады.

2-тармақ. Астана қалалық сотының жалпы отырысы төраға, алқа төрағалары және қалалық соттың судьялары құрамында әрекет етеді және Астана қалалық сотының судьялары санының кемінде үштен екісі болған кезде құқылы болады.

Астана қалалық соты судьяларының жалпы саны деп отырыс өткізілетін күніне сәйкес келетін Астана қалалық сотының судьяларының тізімдік құрамы саналады.

Жалпы отырыстың жұмысына Жоғары Сот Кеңесінің, соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі Кеңестің мүшелері, аудандық және оларға теңестірілген соттрадың төрағалары мен судьялары, Астана қаласындағы уәкілетті органның басшысы және/немесе орынбасары және де өзге де адамдар қатыса алады.

3-тармақ. Астана қалалық сотының жалпы отырысының өкілеттіктері:

- 1) тиісті сот алқаларының сандық және дербес құрамын анықтайды;
- 2) Астана қалалық соты төрағасының, алқа төрағаларының, аудандық және оларға теңестірілген соттар төрағаларының ақпаратын тыңдайды;

3) сот практикасын талқылайды және оны талдаудың қорытындылары бойынша қала соттарының сот төрелігін іске асыру кезінде заңдылықты сақтауы мәселелерін қарайды;

4) уәкілетті органға ұсынылған адамды Астана қаласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің басшысы лауазымына тағайындауына келісім береді;

5) Астана қаласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі басшысының қызметі туралы есепті тыңдайды;

6) уәкілетті органға Астана қаласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің басшысын лауазымынан босату туралы ұсыным енгізеді;

7) аудандық және облыстық сот судьяларының, аудандық сот төрағасының бос лауазымдарына кандидатураларды қарайды және тиісті қорытындылар шығарады;

8) судья лауазымына кандидаттар тағылымдамасының қорытындыларын қарайды және тиісті қорытынды береді;

9) Кадр резерві жөніндегі комиссияның шешімдерін қарайды;

10) Астана қалалық соты Жалпы отырысының және Төралқасының регламентін бекітеді;

11) төраның ұсынымы бойынша жалпы отырыстың хатшысын бекітеді;

12) Жоғары Сот Кеңесінің мүшелері құрамына кандидаттарды ұсынады;

13) жалпы отырыс төралқасының құрамына екі судьяны сайлайды және жібереді;

14) Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі Кеңестің құрамын бекітеді;

15) заңмен белгіленген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

4-тармақ. Астана қалалық сотының кеңейтілген жалпы отырысы жылына кемінде екі рет шақырылады.

Кезектен тыс жалпы отырыс Астана қалалық сот төрағасының бастамасы бойынша шақырылады

2-тарау. Жалпы отырысты дайындау тәртібі

5-тармақ. Күн тәртібіне енгізу үшін ұсыныстарды төраға, алқа төрағалары және Астана қалалық сотының судьялары, аудандық және оларға теңестірілген соттардың төрағалары, Астана қаласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің басшысы бере алады.

6-тармақ. Жалпы отырыстың хатшысы қалалық сот төрағасымен келісе отырып, жалпы отырыстың күн тәртібін әзірлейді және ол өткізілетін түпкілікті күнді жалпы отырысқа 5 күн қалғанға дейін айқындайды.

Қаралатын мәселелері, уақыты мен орны көрсетілген күн тәртібіне Астана қалалық сотының төрағасы мен жалпы отырыстың хатшысы қол қояды.

Жалпы отырыстың хатшысы уақытша болмаған кезде, оның міндеттерін Астана қалалық сотының төрағасы Астана қалалық соты судьяларының біреуіне

жүктейді.

7-тармақ. Жалпы отырыстың күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша жауапты орындаушылар сот төрағасына мәселелерді шешу үшін барлық қажетті құжаттардың дайын екені туралы жалпы отырысқа дейін үш күн бұрын баяндайды.

8-тармақ. Қаралатын мәселелер бойынша есепті кезең ішіндегі жұмыстың қорытындылары туралы ақпараттарды, материалдарды, баяндамаларды, сондай-ақ қаулылардың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі жобаларын баяндамашы дайындайды.

Аталған құжаттарды қағаз жүзінде және электронды форматта баяндамашы жалпы отырыс хатшысына отырысқа дейін екі күн бұрын ұсынады.

9-тармақ. Тиісті сот алқасының сандық және дербес құрамы Астана қалалық соты төрағасының ұсынымы бойынша бекітіледі және өзгертіледі.

10-тармақ. Астана қалалық сотының сот алқасы төрағаларының, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің басшысының ақпараты бойынша жалпы отырыс қаулыларының жобаларын тиісінше сот алқасы төрағалары және уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің басшысы, мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындайды және жалпы отырыс хатшысына отырысқа дейін екі күн бұрын ұсынады.

11-тармақ. Жалпы отырыстың қарауына қорытулар талқылауға, Астана қалалық сотының жұмыс жоспарына сәйкес, алқада және семинар сабақтарында талқыланып, нақты қорытынды және ұсынымдарымен шығарылады.

12-тармақ. Аудандық және облыстық сот судьяларының және аудандық сот төрағасының бос лауазымдарына кандидатуралар кандидаттардың арызы негізінде және Жоғарғы Сот Кеңесі жіберген тізімге сәйкес қараларды.

13-тармақ. Тағылымдамашы-кандидат тағылымдамасының қорытындылары тағылымдама үйлестірушісі ұсыным енгізгеннен кейін бір айдан кешіктірілмей тағылымдамашы-кандидаттың есебін тыңдаумен қаралады.

Осы ретте міндетті түрде тағылымдаманы үйлестіруші - Астана қалалық соты судьясының қорытындысы; барлық жетекшілердің пікірлері; мемлекеттік тіл жөніндегі комиссияның қорытындысы тапсырылады.

14-тармақ. Жалпы отырыс қызметінің жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен жұмысты Астана қалалық сотының баспасөз қызметі ұйымдастырады.

Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері жалпы отырыстың отырыстарында өздерінің қызметін «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы»

Заңға және осы Регламентке сәйкес жүзеге асырады.

15-тармақ. Жалпы отырыстың ұйымдық, ақпараттық- талдау және өзге де қызметін қамтамасыз етуді уәкілетті органның талдау және жоспарлау бөлімі жүзеге асырады.

3- тарау. Жалпы отырысты өткізудің тәртібі

16-тармақ. Жалпы отырыс Астана қалалық соты төрағасының төрағалық етуімен өткізіледі.

Жалпы отырыстың барлық қаулыларына төрағалық етуші мен жалпы отырыстың хатшысы қол қояды.

Жалпы отырыстың хаттамасын мемлекеттік тілде, жалпы отырыстың қызметін қамтамасыз ету жүктелген, уәкілетті органның тиісті құрылымдық бөлімшесінің мемлекеттік қызметшілері ішінен белгіленген техникалық хатшы жүргізеді.

Техникалық хатшы болмаған кезде оның өкілеттігі Астана қалалық соты маманының біреуіне жүктеледі.

17-тармақ. Төрағалық етуші жалпы отырыс барысында:

- отырыстың жалпы барысын басқарады, осы Регламент талаптарының сақталуын бақылайды;

- кезектілік тәртібімен, күн тәртібіне, осы Регламенттің талаптарына сәйкес не жалпы отырыстың шешімімен белгіленген өзге де тәртіппен сөйлеу үшін сөз береді;

- рәсімдік мәселелер бойынша кезектен тыс сөз береді;

- әрбір ұсынысты келіп түсуіне қарай дауысқа салады;

- ашық дауыс беруді және дауыстарды санауды ұйымдастырады, дауыс берудің нәтижелерін жариялайды;

- осы Регламенттің ережелері бұзылған жағдайда жалпы отырыстың қатысушыларына ескерту жасауға құқылы, ал қайта бұзу кезінде оларды сөз сөйлеуден айыра алады;

- жалпы отырыстың жұмысына кедергі келтіретін шақырылған адамдарды оларға ескерткеннен кейін отырыс залынан шығартуға құқылы;

- өзге де ұйымдастырушылық сипаттағы өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18-тармақ. Техникалық хатшы жалпы отырыстың құқылы екенін анықтау үшін ол басталар алдында қатысып отырған судьяларды, сондай-ақ шақырылған адамдарды тіркеуді жүргізеді.

Шақырылған адамдардың отырыс залына жіберілу тәртібін төрағаның келісімі бойынша жалпы отырыс хатшысы белгілейді.

Жалпы отырысқа шақырылған адамдардың жалпы отырыстың жұмысына араласу құқығы жоқ, олар белгіленген тәртіпті сақтауға және төрағалық етушінің өкіміне бағынуға міндетті.

19-тармақ. Жалпы отырыс хатшысының кворумның бар екені және шақырылған адамдардың жалпы отырыстың жұмысына қатысуы туралы баяндамасынан кейін отырысты ашу туралы мәселе шешіледі.

20-тармақ. Күн тәртібі, оған толықтырулар мен жұмыс тәртібі қасытып отырған Астана қалалық соты судьяларының ашық көпшілік дауысымен бекітіледі.

21-тармақ. Жалпы отырыстың рәсімдік мәселелер бойынша шешімдері жалпы отырысқа қатысып отырған Астана қалалық соты судьяларының көпшілік ашық дауысымен қабылданады.

Күн тәртібін, жүргізу тәртібін бектіу туралы; үзіліс, отырысты кейінге қалдыру туралы; мәселелерді талқылау кезегі туралы; жарыссөзді тоқтату туралы; сөз сөйлеу уақытын шектеу немес ұзарту туралы; дауыс беру тәсілдері туралы; кворумды анықтау және дауыстарды қайта санау туралы мәселелер рәсімдік мәселелер болып табылады.

22-тармақ. Жалпы отырыстың шешімдері қаулы және қорытынды түрінде қатысып отырған Астана қалалық соты судьяларының көпшілік дауысымен мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде шығарылады.

23-тармақ. Жалпы отырыста дауыс беру ашық немесе жасырын түрде өткізіледі.

Ашық дауыс беру қол көтеру, ал жасырын дауыс беру бюллетеньдерді пайдалану арқылы өткізіледі.

24- тармақ. Төрағалық етуші дауыс беру алдында дауысқа қойылған ұсыныстардың санын айтып, олардың мазмұнын, ұсыныс берген адамдардың ішінен кімнің кері қайтарып алатынын анықтайды, жалпы отырыс мүшелерінің дауыс беру тәсілі (жасырын немесе ашық) туралы пікірін анықтайды.

25-тармақ. Дауыс беру кезінде Астана қалалық сотының төрағасы, алқа төрағасы мен судьясы бір дауысқа ие болады және оны ұсынысты қолдау үшін немесе оған қарсы береді. Дауыс беруден қалыс қалуға ешкімнің құқығы жоқ. Дауыстар тең түскен жағдайда шешім қабылданбаған болып есептеледі.

26-тармақ. Жасырын дауыс беруді өткізу және оның нәтижелерін анықтау жағдайында жалпы отырыс көпшілік дауыспен құрамында кемінде үш судьясынан тұратын есеп комиссиясын сайлайды. Есеп комиссиясының құрамына кандидатуралары сайланатын органдар құрамына ұсынылған адамдар енгізілмейді. Есеп комиссиясын сайлау туралы жалпы отырыс

хаттамалық шешім қабылдайды. Есеп комиссиясы өзінің төрағасы мен хатшысын дербес сайлайды.

27-тармақ. Дауыс беру үшін қажетті ақпарат бар бюллетеньдер есеп комиссиясы белгілеген нысанда және санда шығарылады.

28-тармақ. Дауыс берудің уақыты мен орнын, оны жүргізудің тәртібін есеп комиссиясы белгілейді және оның төрағасы хабарлайды.

29-тармақ. Әрбір дауыс берушіге мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде толтырылған бір бюллетень беріледі. Кандидатуралар жөніндегі пікір «жақтап дауыс беремін» немесе «қарсы дауыс беремін» деген графаға тиісті кандидаттың тегінің тұсына белгі қою арқылы көрсетіледі.

30-тармақ. Дауыс берушінің еркін анықтау мүмкін болмаған бюллетеньдер жарамсыз болып есептеледі. Егер бюллетеньде дауыс берушінің кейбір кандидаттарға қатысты еркі көрсетіліп, ал басқа кандидаттарға қатысты еркін анықтау мүмкін болмаса, онда дауысты санау кезінде «жақтап дауыс беремін» немесе «қарсы дауыс беремін» деген графадағы белгі тиісті кандидаттардың пайдасына немесе оған қарсы ескеріледі.

Бюллетеньге қосымша жазылған тұлғалар дауыс берген және дауысты санаған кезде есепке алынбайды.

31-тармақ. Мөр басылған урна есеп комиссиясының барлық мүшелерінің қатысуымен ашылады.

Есеп комиссиясы жасырын дауыс берудің нәтижелері туралы хаттама жасайды, оған есеп комиссиясының барлық мүшелері қол қояды.

Есеп комиссиясы төрағасының баяндамасы бойынша жалпы отырыс ашық дауыспен есеп комиссиясының хаттамасын бекітеді.

32-тармақ. Жалпы отырыста баяндама 10-15 минут шегінде жүргізіледі, қосалқы баяндама жасауға, оппоненттерге - 5 минутқа дейін, жарыссөзде сөз сөйлеушілерге - 3 минутқа дейін, кандидатураларды талқылау кезінде - 3 минутқа дейін, рәсімдік мәселелер жөнінде сөз сөйлеуге, анықтама беру мен сұрақ қою үшін - 2 минутқа дейін беріледі.

Қажеттілік болған жағдайда басқа уақыт белгіленуі мүмкін.

Баяндаманың және сөйлеген сөздердің мәтіндері жалпы отырыстың хаттамасына коса тіркеу үшін техникалық хатшыға беріледі.

4-тарау. Қорытынды ережелер

33-тармақ. Регламент қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

34-тармақ. Жалпы отырыстың регламентіне өзгерістер мен толықтырулар оның отырыстарында қабылданады және қаулымен ресімделеді.

35-тармақ. Осы Регламенттің ережелерін түсіндіруді жалпы отырыс жүзеге асырады.